

**"Ауылдық елді мекендерде тұратын мамандарға әлеуметтік көмек беру туралы"
Арыс қалалық мәслихатының 2009 жылғы 5 қарашадағы N 25/158-IV шешіміне
өзгеріс енгізу туралы**

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Арыс қалалық мәслихатының 2009 жылғы 21 желтоқсандағы N 28/182-IV шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысы Арыс қаласының Әділет басқармасында 2009 жылғы 29 қаңтарда N 14-2-87 тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Арыс қалалық мәслихатының 2017 жылғы 24 наурыздағы № 11/78-VI шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Арыс қалалық мәслихатының 24.03.2017 № 11/78-VI шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Заңының 18 бабының 5 тармағына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" және Қазақстан Республикасының "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Заңдарына сәйкес Арыс қалалық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. "Ауылдық елді мекендерде тұратын мамандарға әлеуметтік көмек беру туралы" Арыс қалалық мәслихатының 2009 жылғы 5 қарашадағы N 25/158-IV шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 14-2-84 нөмірмен тіркелген, 2009 жылғы 26 желтоқсанында "Арыс ақиқаты" газетінің 52 нөмірінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

бірінші тармағындағы "1 (бір) мың теңге" деген сөздер "2 (екі) айлық есептік көрсеткіш" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қалалық мәслихат

сессия төрағасы:

Қалалық мәслихат хатшысы:

С.Файзуллаев

Ө.Керімқұлов